**2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

***Күшін жойған***

Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 19 мамырдағы № А-5/222 қаулысы. Ақмола облысы Ерейментау ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 25 маусымдағы № 1-9-154 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 16 наурыздағы № а-3/97 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2011.03.16 № а-3/97 қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына сәйкес, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығын, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-мауысымында және қазан – желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 313 қаулысына сәйкес, Ақмола облысы Ерейментау ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Ақмола облысы, Ерейментау ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) шақырылудан босатылуға немесе кейінге қалдыруға құқығы жоқ, сондай-ақ оқу орындарынан босатылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақырылу бойынша белгіленген мерзімді әскери қызметін атқармаған он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтардың 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. Аудандық шақыру комиссиясының құрамы құрылсын және бекітілсін (1

қосымша).

3. Азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізудің кестесі бекітілсін (2 қосымша).

4. Ақмола облысының денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Ерейментау орталық аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (келісім бойынша) медициналық куәландырылуын өткізу үшін шақыру комиссияларының құрамында медициналық комиссиясы құрылсын.

5. «Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігі Ақмола облысының ішкі істер департаменті Ерейментау ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды жеткізуді, сондай – ақ әскерге шақырылушылардың әскери бөлімдерге жөнелтілуі және кетуі кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етсін.

6. Ерейментау ауданы әкімдігінің «2009 жылдың сәуір – маусымында және қазан –желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды өткізу ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы» 2009 жылғы 12 маусымдағы № а-7/172 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1-9-122 тіркелген, 2009 жылдың 04 шілдеде «Ереймен» аудандық газетінде, 2009 жылдың 04 шілдеде «Ерейментау» аудандық газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Ерейментау ауданы әкімінің орынбасары С.Қ. Көшкінбаевқа жүктелсін.

8. Осы қаулы 2010 жылдың 15 сәуірінен туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

9. Осы қаулы Ерейментау ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* *Н.Ә. Ережепов*

«КЕЛІСІЛДІ»

*Ақмола облысының денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Ерейментау орталық аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық*

*кәсіпорынның бас дәрігері* *Мирманов Б.М*

*«Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігі Ақмола облысының ішкі істер департаменті Ерейментау*

*ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Шарипов Н.К.*

*«Ақмола облысы Ерейментау ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының міндетін атқарушы Рақымбеков М.Ж.*

1 қосымша
Ерейментау ауданы әкімдігінің
2010 жылғы 19 мамырдағы № А-5/222
қаулысымен бекітілген

## Аудандық шақыру комиссиясының құрамы

| | |
|---|---|
| Рақымбеков Мұрат Жақсылықұлы | «Ақмола облысы Ерейментау ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының міндетін атқарушы, шақыру комиссиясының төрағасы (келісім бойынша) |
| Ахмедьярова Камиля Дюсенбаевна | Ерейментау ауданы «Ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы, шақыру комиссиясы төрағасының орынбасары |
| КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ | |
| Омаров Әсет Әлиұлы | «Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігі Ақмола облысының ішкі істер департаменті Ерейментау ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары (келісім бойынша) |
| Филяровская Валентина Бартоломеевна | Ақмола облысының денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Ерейментау орталық аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның бас дәрігерінің орынбасыры, медициналық комиссия төрайымы (келісім бойынша) |
| Алимбетова Шолпан Сулейменқызы | Ақмола облысының денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Ерейментау орталық аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның медбикесі, шақыру комиссиясының хатшысы (келісім бойынша) |

2 қосымша
Ерейментау ауданы әкімдігінің
2010 жылғы 19 мамырдағы № А-5/222
қаулысымен бекітілген

## Мерзімді әскери қызметке азаматтардың жүргізу кестесі

| № | Аттары | Комиссия жұмыстарының күндері | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | |

| | | 16 04 | 19 04 | 20 04 | 22 04 | 29 04 | 06 05 | 11 05 | 17 05 | 08 06 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ерейментау қ. | | | | | | | 20 | | 50 |
| 2 | Олжабай батыр ауылы | 10 | | | | | 15 | | | |
| 3 | Бозтал ауылы | | 7 | | | 8 | | | | |
| 4 | Звенигородка ауылы | | 10 | | 16 | | 6 | | | |
| 5 | Куншалған ауылы | 7 | | 9 | | | 10 | | | |
| 6 | Новодолинка ауылы | 8 | | 7 | | | | 9 | | |
| 7 | Новомарковка ауылы | | 12 | | 14 | | | 10 | | |
| 8 | Павловка ауылы | | | 23 | | 21 | | | 32 | |
| 9 | Төрғай ауылы | | 13 | | | 11 | | 11 | | |
| 10 | Өленты ауылы | | | | 7 | | 6 | | 8 | |
| 11 | Бестоғай ауылы | 6 | | | | 10 | | | | |
| 12 | Изобильный ауылы | 14 | | 11 | | | | | | |
| 13 | Селеты ауылы | | | | 6 | | 13 | | | |
| 14 | Қойтасс ауылы | 5 | | | 7 | | | | 5 | |
| 15 | Ақмырза ауылы | | 8 | | | | | | 5 | |
| | Итого | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 |

| 15 06 | 22 06 | 01 10 | 04 10 | 06 10 | 08 10 | 12 10 | 14 10 | 03 11 | 10 11 | 23 11 | 02 12 | 08 12 | 22 12 | 29 12 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 50 | 50 | | | | | | | | | | 40 | 30 | 50 | 50 |
| | | | | | | | 20 | | 18 | | | | | |
| | | | 8 | | | 13 | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | 14 | | 10 | 12 | | |
| | | 10 | | 12 | | 9 | | | | | | | | |
| | | 9 | | | 13 | | | | | 7 | | | | |
| | | | 15 | | | | | | 18 | 7 | | | | |
| | | 18 | | | 28 | | | 30 | | | | | | |
| | | | | | | | | | | 20 | | | | |
| | | | | | | | 18 | | | 6 | | | | |
| | | | 12 | | | 16 | | | | | | | | |
| | | 13 | | | 9 | | 12 | | | | | | | |
| | | | 14 | | | 12 | | | | | | | | |
| | | | | 10 | | | | 14 | | | | | | |
| | | | | | | | | 6 | | 10 | | 8 | | |
| 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК